

**“Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық білім бөлімі”  
мемлекеттік мекемесінің “Топар орта мектебі мектепке дейінгі шағын  
орталығымен” мемлекеттік коммуналдық мекемесі  
бойынша соңғы үш жылындағы әлеуметтік педагогтің  
атқарылған жұмыстарға талдау есебі**

**2021-2022 жж., 2022 – 2023 жж., 2023 – 2024 жж. оқу жылдарында атқарылған әлеуметтік педагогтің атқарылған жұмыстарға салыстырмалы талдау жасалды.**

**2021-2022 оқу жылындағы**

**Мақсаты:** жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау

**Жұмыс объектісі :** оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары

Әлеуметтік педагогтің жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, оралман оқушыларына әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Мектепте жалпы 200 оқушы бар. Оның ішінде ер бала саны-102, қыз бала саны- 98. 2021-2022 оқу жылындағы мектептегі әрбір оқушының отбасына әлеуметтік паспорты жасалынып, онда оқушының отбасы жағдайы, мүшелер саны және отбасы түрі анықталынады.

Сол кәуәлікке қарай отырып 1 – 11 сыныптар арасында оқушылардың әлеуметтік жағдайы мынандай статусқа бөлінді. Мектеп бойынша жалпы оқушы саны 200, оның ішінде 50 көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 16 оқушы, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған 6 оқушы, 6 оқушы толық емес отбасы және 10 оқушы жартылай жетім отбасынан шыққаны анықталды.

Мектептегі оқушыларды әлеуметтік жағдайына байланысты әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар тізімі (жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасы балалары) және құжаттары жиналып, тіркеу журналы тіркеліп зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Әлеуметтік педагог өз тізімінде тұрған әлеуметтік топтамаға сәйкес оқушылардың үйіне барып, отбасы жағдайымен, ата-анасымен танысты. Мысалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үйіне қазан айында, наурыз айында жылына 2 рет тұрғын жай актісін жүргізілді. Сонымен қатар, актімен қоса, оқушылардың үйіне баруын тіркеу журналына тіркеліп отырды.

Осы жоғарыда көрсетілген санат бойынша жалпыға бірдей білім беру қорынан 40 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылады. Сонымен қатар жалпыға бірдей білім беру қорынан 15 оқушыға (9 ұл, 6 қызға) сөмке, оқу құралдары таратылып берілді. Сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алатын 2 отбасы, 5 оқушы бар. Мектепте сонымен қатар 1 ата – анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы тіркелген. Ол отбасының үйіне сынып жетекші мен әлеуметтік педагог рейд жасап, сауаланама алып, кеңестер берді.

«Мектепке жол қайырымдылық акциясы игі дәстүрмен биыл да өз жалғасын табуда. Бұл акцияның мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес отбасылардың балаларына және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

«Мектепке жол» акциясы бойынша әр ай сайын үш балаға көмек көрсетіліп тұрды. Оның ішінде көпбалалы, жартылай жетім, күн көрісі төмен, аз қамтылған, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған отбасындағы балаларға демеушілер атынан (спорттық киім, аяқ киім, мектеп формасы, спорттық аяқ-киім т.б) көмектер көрсетіліп тұрды.

**Қорытынды:** Әлеуметтік топқа кіретін оқушылар күнделікті сабаққа қатысып отыр. Тұрмыс жағдайы төмен, жетім, көпбалалы, толық емес отбасының оқушыларына көмек көрсету әлі де жалғасады.

#### **Мектептің әлеуметтік паспорты**

<b>№</b>	<b>Әлеуметтік санаттар</b>	<b>Саны</b>	<b>%</b>
	Барлық оқушылар	200	100%
	Отбасы түрі бойынша:		
1	Толық отбасылар	78/112	56%
2	Толық емес отбасылар	5/6	3%
3	Анасы жоқ балалар	-	
4	Әкесі жоқ балалар	7/10	5%
5	Көп балалы отбасы	20/50	25%
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы	9/16	8%
7	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	3/6	3%
8	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	-	
9	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	
10	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	

11	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	
	Ата-аналарының білімі:		
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	47	38,5%
2	Техникалық және кәсіптік	40	32,7%
3	Орта	35	28,6%

## 2022-2023 оқу жылындағы

**Мақсаты:** жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау

**Жұмыс объектісі :** оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары

2022-2023 оқу жылында сыныптар бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, мектептің жалпы әлеуметтік паспорты жасалынды. Мектеп бойынша жалпы оқушы саны 202, оның ішінде 46 көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан 12 оқушы, 6 жетім және ата –анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар, 9 атаулы әлеуметтік көмек (АСП) алатын оқушылар, 6 оқушы толық емес отбасы, 6 оқушы ата-анасы ажырасқан отбасы, 7 оқушы жартылай жетім отбасынан шыққаны анықталды.

Әлеуметтік осал топ оқушылар қатарына: күнкөрісі төмен, аз қамтылған, көпбалалы, жартылай жетім, ата-анасы ажырасқан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар жатады.

Әлеуметтік педагог өз тізімінде тұрған әлеуметтік топтамаға сәйкес оқушылардың үйіне барып, отбасы жағдайымен, ата-анасымен танысты. Мысалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үйіне қазан айында, наурыз айында жылына 2 рет тұрғын жай актісін жүргізілді. Сонымен қатар, актімен қоса, оқушылардың үйіне баруын тіркеу журналына тіркеліп отырды.

Осы жоғарыда көрсетілген санат бойынша жалпыға бірдей білім беру қорынан 53 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылады. Сонымен қатар жалпыға бірдей білім беру қорынан 25 оқушыға ақшалай (37 000) көмек алды, ол ақшалай көмекке мектеп формасы, оқу құралдарын алып түбіртектерін өткізді. Сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алатын 2 отбасы, 5 оқушы бар. Мектепте сонымен қатар 1 ата – анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы тіркелген. Ол отбасының үйіне сынып жетекші мен әлеуметтік педагог рейд жасап, сауаланама алып, кеңестер берді.

Сонымен қатар «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының өткізілуі мен ұйымдастырылуы туралы жұмыс жоспарымен таныстыру жоспары

құрылып, бекітілді. Дүкендер, ата-аналар ұйымына, демеушілерге, кәсіпкерлерге аталған акцияға қатысу үшін өтініштер жолданды.

Акция аясында сенім телефондары, «Мектепке жол» акциясы стенді – 1, «Мектепке жол» акциясы логотипі ауыл аумағына ілінді. Мектепке, сауда үйлеріне хабарландырулар таратылды.

«Мектепке жол» акциясы бойынша атқарылған жұмыстар, мектебімізде ата анасының қамқорлығынсыз қалған - 1 оқушыға, көмек көрсетілді, көлемі - 10000 теңге көлемінде және аз қамтылған отбасы шыққан 1 оқушыға 15000 тг көлемінде көмек көрсетілді. Ауылымыздың кәсіпкері Жуасбаев Бейбіт 5 оқушыға мектеп құралдарын және сөмкесімен қамтамасыз етті. Кәсіпкер Құрманбаева Айжан 3 оқушыға мектеп формасымен қамтамасыз етті.

Мектеп кітапханасы жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға «Ауыл балаларына-мектепке сыйлықтар» іс шарасында оқушыларға оқу құралдары мен тегін оқулықтар таратылып мейірімділік көмек көрсетті. Сонымен қатар Топар ауыл әкімшілігіне – 7 балаға көмек көрсетілді.

2022 жылдың аудан әкімінің шыршасына тұл жетім 7 сынып оқушысы Рахманенко Василий қатысып, аудан әкімінің (қыстық сырт киім, тәттілер) сыйлығын алды.

2022 – 2023 оқу жылында мектептегі әлеуметтік осал топтардан шыққан оқушыларды жазғы сауықтыруының тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепшілік лагерге 38 оқушы, қала сыртындағы лагерге 15 оқушы, пәндік лагерге 31 оқушы қамтылуы жоспарланып отыр.

Әлеуметтік жағдайы төмен, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы, толық емес, өмірдің қиын жағдайына түскен оқушылармен жүргізілген жұмыстар жалғасын табуда.

### Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	Отбасы саны/бала саны	%	
	Барлық отбасы саны	118/202	100%	
	<b>Отбасы түрі бойынша:</b>			
1	Толық отбасылар	77/116	56%	
2	Толық емес отбасылар (ажырасқан)	4/6	3%	
3	Анасы жоқ балалар (жалғыз асыраушысы)	-		
4	Әкесі жоқ балалар (жартылай жетім)	5/7	5%	
5	Көп балалы отбасы	19/46	25%	
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы	АСП	4/9	3,5%
		Күн көрісі төмен	7/12	4,5%

7	Тұл жетім балалар	1/1	4,5%
8	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1/5	2%
9	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	-	
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	
11	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	
13	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	
	<b>Ата-аналарының білімі:</b>		
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	46	38,5%
2	Техникалық және кәсіптік	37	32,7%
3	Орта	35	28,6%

### 2023-2024 оқу жылындағы

**Мақсаты:** жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау

**Жұмыс объектісі :** оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары

2023-2024 оқу жылында сыныптар бойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы анықталып, мектептің жалпы әлеуметтік паспорты жасалынды. Мектеп бойынша жалпы оқушы саны 208, оның ішінде 65 көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар, 15 оқушы әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан, 8 оқушы жетім және ата –анасының қамқорлығынсыз қалған, 8 оқушы атаулы әлуеттік көмек (АСП) алатын, 4 оқушы толық емес отбасы, 4 оқушы жартылай жетім, 4 оқушы өгей әкемен тұратын, 3 оқушы мүмкіндігі шектеулі бала, және 4 оқушы ата-анасы ажырасқан отбасынан шыққаны анықталды.

Әлеуметтік осал топ оқушылар қатарына: күнкөрісі төмен, аз қамтылған, көпбалалы, жартылай жетім, ата-анасы ажырасқан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар, өгей әкемен тұратын оқушылар жатады. Әлеуметтік педагог өз тізімінде тұрған әлеуметтік топтамаға сәйкес оқушылардың үйіне барып, отбасы жағдайымен, ата-анасымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Барлық отбасы балалары бақылауда, үйлеріне тоқсан сайын рейд жүргізіліп отырады. Мысалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үйіне қазан айында тұрғын жай актісін жүргізілді. Сонымен қатар, актімен қоса, оқушылардың үйіне баруын тіркеу журналына тіркелді. Оқушылардың 1,2 тоқсан бойынша сабақ үлгерімі бір қалыпты. Психологтар үнемі жұмыс жасау үстінде, оқушылардың психологиялық жағдайлары жақсы. Отбасындағы қарым-қатынастары бір

қалыпты. Осы жоғарыда көрсетілген санат бойынша және 1-4 сынып оқушылары толық ыстық тамақпен қамтылды. Жалпыға бірдей білім беру қорынан 117 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмек алатын 3 отбасы, 8 оқушы бар. Мектепте сонымен қатар ата – анасының қамқорлығынсыз қалған 2 отбасы, тұл жетім 1 отбасы және күн көрісі төмен 9 отбасы тіркелген. Ол отбасылардың үйіне сынып жетекшілер, психолог, тәрбие орынбасары, қамқоршылық кеңес төрағасы және әлеуметтік педагог рейд жасап, сауалнама алып, кеңестер берді.

Сонымен қатар өгей әкелермен тұратын оқушылар үйін аралап, оқушымен және ата-анасынан сауалнама алынды.

Сонымен қатар «**Мектепке жол**» қайырымдылық акциясының өткізілуі мен ұйымдастырылуы туралы жұмыс жоспарымен таныстыру жоспары құрылып, бекітілді. Дүкендер, ата-аналар ұйымына, демеушілерге, кәсіпкерлерге аталған акцияға қатысу үшін өтініштер жолданды. Акция аясында сенім телефондары, «**Мектепке жол**» акциясы стенді – 1, «**Мектепке жол**» акциясы логотипі ауыл аумағына ілінді. Мектепке, сауда үйлеріне хабарландырулар таратылды. “Мектепке жол” акциясы 01.08 – 30.09 аралығына дейін жалғасын тапты. «Мектепке жол» акциясы бойынша демеушілер жеке кәсіпкерлер Жуасбаева Бейбит, Курманбаева Айжан, Екетаева Райгуль, Ергосай Ақмоншақ, ауыл әкімі Нұрғожаев Қуат, мұғалімдер Дантебаева Эльвира, Әліпбаев Бекет, зейнеткер ұстаз Кішкенебатырова Ұлтуған. Демеушілер әлеуметтік осал топтан шыққан оқушыларға мектеп формасы, сөмке, оқуға құрал-жабдықтары, аяқ-киімдермен қамтамсыз етті. Жалпы көрсетілген қаражаттың көлемі – 316 000 тг құрады.

Мектеп кітапханасы жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға *«Ауыл балаларына-мектепке сыйлықтар» іс шарасында оқушыларға оқу құралдары мен тегін оқулықтар таратылып мейірімділік көмек көрсетті.* Сонымен қатар Топар ауыл әкімшілігіне – 7 балаға көмек көрсетілді.

2023 жылдың аудан әкімінің шыршасына ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыдан 5 сынып оқушысы Сейілхан Сезім қатысып, аудан әкімінің (қыстық сырт киім, тәттілер) сыйлығын алды. Жаңа жыл мерекесіне орай үйден оқитын, ерекше мұқтаждыққа ие оқушыларымызды тәтті сыймен құттықтадық.

Әлеуметтік жағдайы төмен, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы, толық емес, өмірдің қиын жағдайына түскен оқушылармен жүргізілген жұмыстар жалғасын табуда.



## Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	Отбасы саны/бала саны	%	
	Барлық отбасы саны	119/208	100%	
	<b>Отбасы түрі бойынша:</b>			
1	Толық отбасылар	62/97	46,1%	
2	Толық емес отбасылар (ажырасқан)	3/4	1,9%	
3	Анасы жоқ балалар (жалғыз асыраушысы)			
4	Әкесі жоқ балалар (жартылай жетім)	2/4	2,8%	
5	Өгей әкемен тұратын балалар	4/4	1,92%	
6	Көп балалы отбасы	30/65	31,7%	
7	Аз қамтамасыз етілген отбасы	АСП	3/8	3,84%
		Күн көрісі төмен	9/15	7,2%
8	Тұл жетім балалар	1/1	0,4%	
9	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	2/7	1,9%	
10	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	3/3	1,9%	
11	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-		
12	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-		
13	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-		
14	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-		
	<b>Ата-аналарының білімі:</b>			
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	47	39,4%	
2	Техникалық және кәсіптік	36	30,1%	
3	Орта	36	17,5%	

Мектеп директорының м.у.а  
Әлеуметтік педагог

М.Ажибаева  
Г.Такибаева